



ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ТҮЙІНІ ШЕШІЛДІ

3-БЕТ



ОЮДА ДА ОЙ БАР

7-БЕТ



ӘЛЕМ НАЗАРЫ – СОЛТҮСТІК АМЕРИКАДА!

9-БЕТ

ӘКІМ



Дархан САТЫБАЛДЫ:

САПАЛЫ МЕДИЦИНА

баршаға тең, қолжетімді болуы тиіс

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды тұрғындарға көрсетілетін медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасы, сондай-ақ қала аудандарындағы құрылыс-монтаж жұмыстарының барысын талқылаған кеңес өткізді.

Жиында Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Пашимов баяндама жасады.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша, Алматы «Күтілетін өмір сүру ұзақтығы» негізгі ұлттық индикаторы бойынша өңірлер арасында ең жоғары нәтижеге қол жеткізді. Жалпы, өлім-жітім деңгейі 7,7%-ға, қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім 34,3%-ға, туберкулезден болатын өлім-жітім 40,9%-ға төмендеді. Ана өлімі тіркелген жоқ. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, жоғары технологиялық медициналық қызметтердің көлемі екі есеге жуық артты.

Сонымен қатар, Дархан Сатыбалды жүйелі шешімді қажет ететін бірқатар мәселеге назар аударды. Қала басшысы мемлекеттік медициналық ұйымдардағы маман тапшылығын, сондай-ақ компьютерлік томография, магниттік-резонанстық томография және зертханалық зерттеулерден өту үшін күту мерзімінің ұзақтығы азаматтардың жеке медициналық ұйымдарға жүгінуінің артуына себеп болып отырғанын атап өтті.

«Әрбір тұрғын сапалы медициналық көмекке тең дәрежеде қол жеткізуге тиіс. Бұл біздің басты міндетіміз», – деді әкім.

Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына маман тапшылығын жою және мемлекеттік медициналық ұйымдардағы диагностикалық қызметті күту мерзімін

қысқарту бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу тапсырылды.

Қала аудандарының әкімдері құрылыс нысандарының қазіргі жай-күйі, проблемалық мәселелер және жобаларды жүзеге асыру мерзімдерінің кешігу себептері туралы баяндады. Қала басшысы жұмыстардың барысы туралы шынайы ақпарат беруді және мерзімдердің бұзылу қаупі бар әрбір нысан бойынша нақты іс-шара қабылдауды талап етті.

«Бұл кеңес нақты шешімдер қабылдау үшін өткізіліп отыр. Әрбір проблемалық нысан бойынша мәселені ашық әрі нақты айту қажет», – деді Дархан Сатыбалды.

Аудан әкімдеріне, Құрылыс басқармасына, Энергетика және сумен жабдықтау басқармасына қазіргі құрылыс маусымы аясында құрылыс-монтаж жұмыстарын белгіленген мерзімде аяқтауды қамтамасыз ету тапсырылды.

Нұржамал ӘЛІШ.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:





Түркі әлемінің жастар астанасы:

АЛМАТЫ ЭСТАФЕТАНЫ ХИУАҒА ТАБЫСТАДЫ

Көктембе төрінде «Алматы – Түркі әлемінің жастар астанасы» жылының ресми жабылу салтанаты өтті. Оған Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенұлы қатысты.

Абзал Нүкенұлы Алматының бұл мәртебеге ие болуы Қазақстан үшін де, мегаполис үшін де үлкен жетістік әрі халықаралық деңгейдегі маңызды оқиға болғанын атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, «Жастар – еліміздің стратегиялық ресурсы және мемлекетіміздің болашағын айқындайтын басты күш». Осы қағидатты басшылыққа алған Алматы түркі мемлекеттері жастары арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған маңызды халықаралық алаңға айналды. Осы бастаманың негізі 2025 жылғы 21 мамырда Будапешт қаласында өткен Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитінде қаланды. Дәл сол жерде Мемлекет басшысы Алматы қаласының Түркі әлемінің жастар астанасы мәртебесін иеленетінін жариялады. Ал 2025 жылғы 18–20 тамыз күндері Алматы қаласында жобаның ресми ашылу салтанаты өтіп, бұл мәртебе нақты мазмұнмен толыға бастады. Сол сәттен бастап Алматы түркі мемлекеттері жастарының тәжірибе алмасу және жаңа бастамаларының орталығына айналды.

Оның нақты нәтижесі де бар. Жоба аясында 50-ден астам іс-шара ұйымдастырылып, оған 40 мыңнан астам жас қатысты», – деп атап өтті қала әкімінің орынбасары Абзал Нүкенұлы.

Айтулы іс-шаралар қатарында III Жастар алмасу бағдарламасы, Түркі мемлекеттері ұйымы Жастар платформасының III Бас ассамблеясы, «Turki Fest Almaty» мәдени фестивалі, халықаралық «TURKI CUP» жайдарман фестивалі, жастар көшбасшылары мен кәсіпкерлерінің кездесулері, халықаралық форумдар және басқа да маңызды жобалар бар екенін тілге тиек етті. Күні кеше өткен «Digital Turkic Youth» халықаралық форумы мен халықаралық жастар кемпингі де жастар арасындағы байланысты жаңа деңгейге көтеріп, болашақтағы бірлескен бастамаларға негіз қалады.

Осындай нәтижелер Алматының жастар үшін мүмкіндіктер қаласы екенін тағы бір мәрте дәлелдейді. Бүгінде шаһарымызда 769 мыңнан астам жас өмір сүреді.

ҚР Мәдениет және ақпарат вице-министрі Айбек Сыдықов, Түркі мемлекеттері ұйымының (ТМҰ) Бас хатшысы Кубанычбек Омуралиев те мінберден сөз алып, түркі әлемінің жастары арасындағы достықтың жаңа деңгейге көтерілгенін атап өтті.

«Осыдан бір жыл бұрын Түркі әлемінің



жастар астанасы мәртебесін иеленген Алматы бауырлас елдердің жастарын тоғыстырған кездесулердің, жаңа идеялар мен бастамалардың, шығармашылық жобалардың алаңына айналды. Ең бастысы – барлық бастаманың өзегінде қашанда жастар тұрды. Түркі әлемінің жастар астанасы мәртебесі тек мәртебелі міндет ғана емес, халықаралық жастар ынтымақтастығын одан әрі дамытуға тың серпін беретін маңызды бастама ретінде өз тиімділігін дәлелдеді», – деген вице-министр Айбек Жексенәліұлы Алматы қаласының басшылығына, барлық серіктестерге, еріктілерге және аталған

жылдың жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан жалынды жастарға ризашылығын білдірді.

Көктембе төрінде «Алматы – Түркі әлемінің жастар астанасы» жобасы аясындағы іс-шараларға белсенді қатысқаны үшін алматылық бір топ жас марапатталды.

Кештің ең басты салтанаты Түркі әлемінің жастар астанасы мәртебесінің эстафетасын келесі шаһарға табыстау болды. Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Әзиз Қажденбек Түркі әлемінің жастар астанасының символикалық кілтін Хиуа қаласына, яғни Өзбекстан Республикасының Жастар ісі жөніндегі агенттік директоры, сенатор Алишер Зафарұлына табыстады.

Бауырлас қалаға осы мәртебелі міндетті жоғары деңгейде атқарып, Түркі мемлекеттері жастары арасындағы достық пен ынтымақтастықты одан әрі нығайту жолында табыс тіледі. Ал ару Алматы әрдайым түркі халықтарының жастарын біріктіретін, жаңа идеялар мен мүмкіндіктер үндесетін ашық алаң болып қала береді.

Іс-шара соңы ән-жырға ұласты. Кештің хедлайнері болған белгілі эстрада жұлдызы TURAR хит әндерін шырқап, алматылықтар мен қонақтарға жақсы көңіл күй сыйлады.

Нұржамал ӘЛІШ.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

БРИФИНГ


Алматыда мәдени мұраны цифрландыру, ғылыми деректер базасын құру және гуманитарлық зерттеулерге заманауи технологияларды енгізу бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде.



Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас директоры, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясының академигі Кенжехан Матыжанов мәлімдеді. Оның айтуынша, бүгінде институтта архивтік материалдар мен ғылыми қорларды цифрландыруға ерекше көңіл бөлінген. Осы мақсатта институт құрылымында Мәдени мұраны цифрландыру жөніндегі ғылыми-инновациялық орталық жұмыс істейді.

«Бүгінде гуманитарлық ғылым белсенді түрде цифрлық форматқа көшіріліп жатыр. Біздің міндетіміз – мәдени мұраны сақтап қана қоймай, оны заманауи цифрлық құралдардың көмегімен зерттеушілер мен қалың жұртшылыққа қолжетімді ету», – деді Кенжехан Матыжанов.

Қазіргі уақытта институт «Қазақстанның әдебиеттану, фольклортану және өнертану экожүйесін цифрлық трансформациялау: пәнаралық зерттеулер» атты іргелі ғылыми



МӘДЕНИ МҰРА ҚОРЫ цифрланып жатыр

жобаны жүзеге асыруда. Ол цифрлық ғылыми ресурстарды құруға, деректер базасын қалыптастыруға және зерттеу қызметіне жаңа технологияны енгізуге бағытталған.

Институт көптеген жыл бойы ұлттық мәдени мұраның бір бөлігіне айналған ондаған іргелі ғылыми басылымды дайындады. Олардың қатарында «Бабалар сөзінің» 100 томдығы, Мұхтар Әуезов шығармаларының 50 томдық академиялық жинағы, «Әдеби жәдігерлердің» 20 томдығы, «Қазақ әдебиетінің тарихының» 10 томдығы, қазақ музыкасының антологиялары және басқа да көптомдық басылымдар бар.

Фольклорлық мұраны цифрландыру да маңызды бағыттардың бірі. «Ұлы даланың фольклоры мен музыкасының 1000 жылы» бағдарламасы аясында көптомдық антологиялар дайындалып, олар тек баспа түрінде ғана емес, электрондық және аудио форматтарда да шығарылды.

Спикердің айтуынша, институт ұлттық мәдени мұраны сақтау және насихаттау жұмыстарын әрі қарай жалғастырып, тарихи жады мен ұлттық бірегейлікті нығайтуға бағытталған жаңа зерттеу жобаларын дамыта береді.

Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ – 180

УАҚЫТ ҚАЛЫБЫНА СЫЙМАҒАН АҚЫН

Алматыдағы «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығында Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуына орай «Жыр алыбы Жамбыл шығармашылығы және эпикалық дәстүр» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.

Қасаң қалыптан шығып, ұлы Жамбыл мұрасын тың тарапта тарқатуды мақсат еткен алқалы жиынға әйдік әдебиеттанушылар, белді фольклортанушылар, майталман мәдениеттанушылар, білікті музей қызметкерлері мен жас ғалымдар қатысты. Сонымен қатар, түрік және қырғыз зерттеушілері де сөз алып, Жамбыл мұрасын байыптаудың соны сілемдері мен жаңа бағыттарына қатысты ой жарыстырды.

Конференцияны М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас директоры, академик Кенжехан Матыжанов тізгіндеп отырды. Ғалым Жамбыл шығармашылығын зерттеу ісінің жүйелі түрде жалғасын тауып келе жатқанын айтып, ақын мұрасын жаңаша пайымдау әдістеріне баса мән беру керек деді.

– Жамбыл мұрасын зерттеудегі басты мақсат – ақын шығармашылығын ашып көрсету әрі атамиздың жыраулық



дәстүріміздегі тұғырын айқындау. Мұнымен қоса, аса мол мәдениетін келер ұрпаққа жеткізу. Бүгінде Жамбыл мұрасы тек әдеби құбылыс ретінде емес, ұлттық руханияттың маңызды бөлігі ретінде қарастырылып отыр, – деді Кенжехан Исламжанұлы.

Конференцияға Қырғызстаннан

Мээрим Көлбаева да қатысып, Жамбыл Жабаев пен Тоқтоғұл Сатылғанов шығармашылығындағы рухани сабақтастық мәселесін саралады. Қырғыз зерттеушісі:

– Төкпе ақындар шығармашылығының басында Жамбыл мен Тоқтоғұл тұр. Қос ақынымыз да әдебиет әлемін жанрлық тұрғыдан байытты. Олардың мұрасы

қазақ-қырғыз халықтарының ортақ рухани құндылығына айналды, – деп озық ойын түйіндей сөйледі.

Түркі халықтарының ауыз әдебиетін індете қарастырып жүрген ғалым Четин Халил де өз айқындамасын ортаға салды. Жамбыл шығармашылығындағы ұлттық жады мен жыраулық дәстүр өрнегін саралады.

– Жамбыл шығармашылығын түсіну үшін оның ақындық дәстүріне, рухани бастауларына және қалыптасу ерекшеліктеріне терең үңілу қажет. Жамбылдың ақындық болмысын оның шығармалары арқылы ғана емес, қалыптасқан ортасы мен тәлім алған мектебі арқылы да тануға болады. Ол – ұлы ақын Сүйінбай Аронұлының тәлімін көрген, жыраулық дәстүрді жалғастырып, жаңа деңгейге көтерген тұлға, – деді түрік ғалымы.

Жиында филология ғылымдарының докторы Алмасбек Мәуленов те тебірене сөз сөйлеп, Жамбыл мұрасын мифологиялық таным, тарихи жады және ұлттық сабақтастық тұрғысынан зерттеу қажет екенін жеткізді. Бүгінгі өмірімізге дендеп енген жасанды интеллект құралдары арқылы Жамбыл әлемінің жаңа кеңістігін құру жайына тоқталды.

Дастан ҚАСТАЙ.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ТҮЙІНІ ШЕШІЛДІ

Алматыда 12-13 маусым күндері Университет президенттерінің халықаралық қауымдастығының (IAUP) Орталық Азиядағы алғашқы өңірлік конференциясы өтті. Халықаралық форумға әлемнің 15 елінің 100-ден астам университет басшылары, халықаралық ұйым өкілдері мен білім саласының сарапшылары қатысты.

Орталық Азия аумағында мұндай басқосу алғаш рет өткізіліп отыр. Әрі университет президенттерінің халықаралық қауымдастығы әлемнің 120-дан астам еліндегі жоғары оқу орындарының жетекшілерін біріктіретін ең ірі академиялық желі. Кейінгі жылдары Қазақстан жоғары білім саласында өңірлік хабқа айналуда ұмтылып келеді. Бүгінде ел университеттерінде мыңдаған шетелдік студент білім алып, халықаралық қос диплом бағдарламалары кеңінен іске асырылуы осының дәлелі деуге болады. Әлемдік рейтингтерге енген жоғары оқу орындарымыздың саны да көбейе түсті.

ЖИ кезеңіндегі университеттер

IAUP конференциясының Алматыда өтуін де сарапшылар Қазақстанның халықаралық академиялық кеңістіктегі рөлінің күшейіп келе жатқанымен сабақтастырады. Сондықтан Алматыдағы конференция аясында өтіп жатқан «Universities after AI: A Blueprint for the Next Generation Institutions of Learning» атты арнайы сессия дәл осы мәселелерге арналды.

«Ұйымның Орталық Азиядағы аймақтық конференциясы алғаш рет өтіп отыр. Бұған дейін мұндай жиын Қазақстанда да, өңірдің басқа елдерінде де ұйымдастырылмаған. Сондықтан бұл іс-шараның Алматыда өтуі еліміздің жоғары білім жүйесіне берілген жоғары баға деп айтуға болады», – дейді Алматы Менеджмент университеті қамқоршылар кеңесінің мүшесі Жақсыбек Құлекеев.

Қазіргі таңда жасанды интеллекттің дамуы білім беру жүйесіне бұрын-соңды болмаған өзгерістер әкелуде. Әр ел сарапшылары жасанды интеллект дәуіріндегі университеттердің жаңа моделін талқылап, «Жасанды интеллекттен кейін университеттер қандай болады?» деген сауалға жауап іздеді. Шындығында, ChatGPT, Gemini, Claude және басқа да интеллектуалды платформалар студенттердің оқу тәсілін түбегейлі өзгертіп үлгерді. Осындай қарқынды өзгерістер жоғары білім беру жүйесін жаңа сұрақтардың алдына алып келді. Бұл жағдай университеттердің негізгі миссиясын қайта қарауға мәжбүрлеуі де текке емес.



Сарапшылар болжамынша, алдағы бес жылда еңбек нарығындағы көптеген мамандықтар елеулі өзгеріске ұшырайды. Тіпті, кейбір кәсіптер жойылып, олардың орнына жаңа мамандықтар пайда болады. Мұндай жағдайда жоғары оқу орындары тек білім беретін мекеме ғана емес, адамның өмір бойы білім алуына жағдай жасайтын орталыққа айналуы тиіс.

Алматыдағы алаңда

Сонымен, Алматыдағы басқосуда сарапшылар жоғары оқу орындарының болашағын көптеген сұрақтардың төңірегінде қарастырды. Әлемдік сарапшылардың

пікірінше, қазіргі зерттеулер көрсеткендей, болашақ маман үшін тек кәсіби білім жеткіліксіз. Сыни ойлау, көшбасшылық, цифрлық сауаттылық, креативтілік және өзгерістерге бейімделу қабілеті басты құндылыққа айналуға тиіс. Сондықтан көптеген жетекші университеттер оқу бағдарламаларын қайта қарап жатыр. Гарвард, Оксфорд, Сингапур ұлттық университеті секілді оқу орындары пәнаралық білім беруге және тәжірибелік оқытуға көбірек көңіл бөлуде.

Мәселен, бұрын университеттің міндеті маман даярлау деп есептелсе, қазіргі таңда бұл түсінік өзгеріп келеді. Жоғары оқу орындары инновацияның, кәсіпкерліктің және қоғамдық дамудың драйверіне айналуға тиіс. Көптеген елдерде университеттер стартаптар экожүйесін қалыптастырып, ғылыми жаңалықтарды өндіріске енгізіп, өңірлік экономиканың дамуына ықпал етеді.

Бұл жөнінде Жақсыбек Құлекеев: «Жасанды интеллект, ақпараттық технологиялар, қашықтан оқыту жүйелері қарқынды дамуда. Осыған байланысты университеттер өздерінің болашақ даму бағытын, оқыту әдістерін және қоғамдағы рөлін қайта қарастыруда. Конференция барысында әлемнің жетекші сарапшылары мен жоғары оқу орындарының басшылары осы мәселелерді талқылап, тәжірибе алмасады», – деген ойымен бөлісті.

Конференция барысында «Кәсіпкерлік университеттер – экономикалық және қоғамдық өзгерістердің драйверлері» атты панельдік пікірталас ұйымдастырылып, әлемнің жетекші жоғары оқу орындарының өкілдері университеттердің жаңа рөлі туралы ой бөлісті.

Адам капиталының құны арта береді

Қазір жоғары оқу орындары білім берумен қатар, қоғамдағы экологиялық, әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге ықпал ететін институт. Сол себепті, конференция бағдарламасында жоғары білімнің тұрақты дамуға қосатын үлесіне арналған арнайы панельдер қарастырылған.

Конференцияның соңғы күні жоғары білімнің алдағы он жылдағы даму бағыттарына арналды. Онда АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Жапония, Корея, Малайзия және Орталық Азия елдерінен келген сарапшылар университеттердің алдында тұрған негізгі сын-қатерлер мен мүмкіндіктерді талқылады.

Жиын нақтылап бергендей, қазіргі жасанды интеллекттің дамуы, демографиялық өзгерістер, цифрландыру, халықаралық бәсекелестік және жаңа технологиялар – осының бәрі жоғары білім жүйесінің келбетін өзгерте бастағаны рас. Дегенмен, басты сұрақ – университеттер өзгере ме, жоқ па деген мәселе емес. Өйткені, олар қазірдің өзінде өзгеріп жатыр. Негізгі мәселе – бұл өзгерістердің қарқыны мен бағыты, оның нәтижесі бар ма деген сауалға жауап болу керек.

Рая ЕСКЕНДІР.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

КЕШЕНДІ ТРАНСФОРМАЦИЯ

Алматы Орталық Азиядағы жетекшілік позициясын нығайтты

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

2025 жылы тартылған инвестиция **₸476,9** млрд

28 жоба іске асырылды 6700 жұмыс орны ашылды

Қоқыс өңдеу зауытына инвестиция **₸130** млрд

2000 тонна/тәулік – қалдық өңдеу қуаты

Бюджетті нақтылау үшін қосымша қаржы **₸253,5** млрд

60 МВт электр энергиясын өндіру көлемі

ОНЫҢ ІШІНДЕ:

көлік инфрақұрылымы **₸92,7** млрд

әлеуметтік сала **₸84,8** млрд

LRT құрылысы **₸61,4** млрд

аспалы жолдар **₸39,2** млрд

Алматы тау кластерінің инженерлік желілері **₸12** млрд

LRT желісінің ұзындығы **18,3** км

LRT бірінші кезеңінің аяқталу мерзімі **2027** жыл

Инвестициялық және инфрақұрылымдық жобалардың жалпы көлемі **₸860** млрд. теңгеден астам



«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП»



ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Қалада бірегей жоба басталды

Егде жастағы азаматтардың қаржылық сауатын арттыруға және оларды алаяқтардан қорғауға бағытталған ауқымды семинарлар циклі басталды. Fingramota.kz жобасы ұйымдастырған бұл бастамаға ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі, Halyk Bank және қала әкімдігі қолдау көрсетті. «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығында өткен алғашқы дәріске 55 белсенді зейнеткер қатысты.



Сарапшылардың сөзінше, көбіне дәл осы санаттағы тұрғындар алаяқтық схемалардың құрбанына айналады. Күмәнді жобаларға сеніп, жеке деректерін үшінші тұлғаларға беріп қояды. Семинар барысында мемлекеттік органдар мен банк секторының жетекші мамандары цифрлық қауіпсіздік ережелерін түсіндірді.

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Алматы қаласындағы департаментінің бас сарапшысы Ғаділбек Әкім зейнет жасындағы азаматтарға арналған мұндай бастама алғаш рет өткізілгенін айтты.

«Қатысушыларды іріктеу мәселесіне келсек, біз әкімдікке ұсыныс жасаған кезде басты назарды егде жастағы азаматтарға аудардық. Ал аудиторияны жинақтау жұмыстарын Алматы қаласының әлеуметтік қорғау басқармасы мен «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтары жүргізеді», – дейді бас сарапшы.

Қазіргі таңда ең өзекті қауіп – дипфейктер екенін мәлімдеді ҚР Қаржылық мониторинг агенттігінің Алматы қаласы бойынша Экономикалық тергеу-тексеру департаментінің жедел уәкілі Жақсылық Мырзахан.

«Алаяқтар жасанды интеллект арқылы танымал тұлғалардың, саясаткерлердің немесе банк қызметкерлерінің бейнесі мен дауысын қолдан жасап, жалған инвестициялық жобаларды жарнамалайды. Қарияларымыз мұны шын деп ойлап, сілтемеге өтіп, анкета толтырады, содан кейін тұзаққа түседі. Кез келген ақпаратты тек ресми ресурстар мен сайттардан іздеген дұрыс», – деді жедел уәкіл.

Сондай-ақ, семинарда Fingramota.kz жобасының жетекшісі Айгүл Қанатбаева мен Halyk Bank өкілі Айбек Оспанов та интернет-алаяқтық пен қаржылық пирамидалардан қорғанудың жолдарын көрсетті.

Дәрістер алдағы уақытта Алматы қаласының барлық сегіз ауданында да жалғасады.

Гүлжанат СЕМБАЕВА. Сурет: автор.

қағаз және жапсырма өнімдерін өндіруді қолға алып, жылына шамамен, 830 тонна өнім шығармақ. Бұл жобалар қаланың өнеркәсіптік әлеуетін арттырып қана қоймай, шағын және орта бизнес үшін жаңа өндірістік тізбектер қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жаңа драйвер

Айта кету керек, шаһарда электр энергиясын өндіретін заманауи қоқыс өңдеу зауытының құрылысы басталды. Жобаны қытайлық Junxin Environmental Protection компаниясы жүзеге асырады.

Қуаттылығы тәулігіне 2 мың тонна қалдық өңдеуге және 60 мегаваттқа дейін электр энергиясын өндіруге мүмкіндік беретін кәсіпорынға 130 млрд. теңгеден астам инвестиция салынады.

Жоба Мемлекет басшысының экологиялық қауіпсіздік пен қалдықтарды басқару жүйесін жаңғырту жөніндегі тапсырмалары аясында қолға алынды. Зауыт әлемнің жетекші мегаполистерінде қолданылатын технологиялар негізінде жұмыс істеп, «қалдықтан – ресурсқа» қағидатын іске асыруға мүмкіндік береді. Бұл бастама Алматының экологиялық тұрақтылығын нығайтып қана қоймай, қаланың энергетикалық қауіпсіздігіне де елеулі үлес қоспақ.

Қала бюджетін нақтылау аясында 253,5 млрд. теңге көлемінде қосымша қаржы қарастырылып отыр. Оның ішінде 84,8 млрд. теңге әлеуметтік саланы дамытуға және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға бағытталады. Қаражат жаңа мектептер салуға, білім беру ұйымдарын жабдықтауға және денсаулық сақтау нысандарын жаңғыртуға жұмсалады. Сонымен қатар, Медеу ауданындағы «Алатау» қалалық емханасын реконструкциялау басталып, көпсалалы аурухана, онкологиялық орталық және перинаталдық орталық жобалары әзірленуде.

Мемлекет басшысы стратегиялық жоба ретінде айқындаған Алматы тау кластерін дамыту жұмыстары басталады. Жобаның орталық аймағының инженерлік инфрақұрылымын салуға 12 млрд. теңге бөлінеді. Сондай-ақ, «Шымбұлақ» курортынан Кімасар және Бұтақты шатқалдарына дейін аспалы

жолдар мен базалық станциялар салуға 39,2 млрд. теңге қарастырылған. Бұл жобалар Алматының халықаралық туристік тартымдылығын арттырып, тау туризмін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Заманауи көлік жүйесі

Алматы қаласы Экономика және қаржы басқармасының басшысы Бауыржан Құдайбергеновтің айтуынша, қаланың заманауи көлік қаңқасын қалыптастыру және қоғамдық көлік жүйесін одан әрі дамыту мақсатында қосымша 92,7 млрд. теңге бөлінеді.

Қоғамдық көлік жүйесіндегі негізгі жобалардың бірі – LRT құрылысы. Оны іске асыруға 61,4 млрд. теңге қарастырылған. Ұзындығы 18,3 шақырым болатын LRT желісінің бірінші кезеңін 2027 жылдың желтоқсанында аяқтау жоспарланып отыр. Сондай-ақ, Алматы агломерациясымен көлік байланысын күшейту мақсатында жалпы ұзындығы 10 шақырымдық радиалды автожолдар салынады. Оның ішінде Саин көшесі мен Абай даңғылын Алматы облысы аумағы арқылы жалғастыру көзделген. Бұл жұмыстарға 7,3 млрд. теңге бөлінеді. Ал «Ақжар» және «Теректі» шағынаудандарындағы жол құрылысына қосымша 4 млрд. теңге қарастырылған.

Мегаполис бүгінде өндіріс, инвестиция, көлік, туризм және экология салаларын қамтитын кешенді экономикалық трансформация кезеңіне қадам басты. Жүздеген миллиард теңге көлеміндегі инвестициялар өндірістік әлеуетті арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға, инфрақұрылымды жаңғыртуға және тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Жүзеге асырылып жатқан бастамалар Алматының Орталық Азиядағы жетекші экономикалық, өндірістік және инновациялық орталық ретіндегі позициясын одан әрі нығайта түседі.

Дана САДЫРҚАН.

Инфографика: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Қаламызда экономиканы қарқынды дамытуға, өндірісті дамытуға және инфрақұрылымды жаңғыртуға бағытталған ауқымды жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр. Әсіресе, өндірістік қуаттарды арттыру, жаңа жұмыс орындарын ашу, көлік жүйесін жетілдіру және экологиялық қауіпсіздікті күшейту бағытындағы бастамалар қарқын алды.

Инвестициялық белсенділік артты

Былтыр Алматыда жалпы құны 476,9 млрд. теңге болатын 28 инвестициялық жоба іске асырылып, 6,7 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылды. Инвестициялардың негізгі бөлігі өңдеу өнеркәсібі, денсаулық сақтау, туризм, көлік және логистика салаларына бағытталды. Ал жалпы көлемі 440,5 млрд. теңге болатын алты ірі жоба өндірістік әлеуетті күшейтіп, импортқа тәуелділікті азайтуға мүмкіндік берді.

Биыл қалада жоғары технологиялық өндірістерді дамытуға, индустриялық инфрақұрылымды кеңейтуге және импортты алмастыру саясатын күшейтуге басымдық беріледі.

Мегаполистегі индустриялық және арнайы экономикалық аймақтарда бір-қатар жаңа кәсіпорын іске қосылып жатыр. Соның бірі – «Алатау» инновациялық технологиялар паркі аумағында салынып жатқан Viva Pharm толық циклді фармацевтикалық зауыты. Кәсіпорын жылына 200 миллион таблетка өндіруге қауқарлы болмақ.

Алматы индустриялық аймағында Sara Industry Group автоклавты жеңіл бетон шығаратын өндіріс орны салынады. Зауыт жыл сайын 50 мың текше метр қабырға панельдерін және 150 мың текше метр газоблок өндіреді.

Ал CA-International компаниясы жылына 4 мың тоннадан астам табақты поливинилхлорид өнімдерін шығаруды жоспарлап отыр. NARPRINT кәсіпорны

ТАЗА АУА ТАЛАБЫ

Шаһарға қандай өзгеріс қажет?



Газдандырылған аудандарда қатты және сұйық отындарға тыйым салу мәселесі ұдайы талқыланып келе жатқан тақырып. Әрине, бұған қатысты тұрғындар арасында түрлі сауал туындайтыны анық. Атап айтқанда, қосымша жабдық сатып алу қажет пе, жылыту жүйесін ауыстыру керек пе немесе қосымша шығын туындай ма деген мәселелер жиі көтеріледі.

Негізінде қағидалардың басты мақсаты өте қарапайым. Егер тұрғын үйге немесе нысанға газ желісіне қосылса және экологиялық тұрғыдан таза отынды пайдалану мүмкіндігі бар болса, онда көмір, отын немесе қатты отынның басқа түрлерін пайдалану арқылы ауаны ластауға жол берілмейді.

Кейінгі жылдары Алматыда газдандыру жұмыстары қарқынды жүргізіліп келеді. Қазір қаланың газдандыру деңгейі шамамен, 99,6 пайызға жетті. Бұл қала тұрғындарының басым бөлігінің табиғи газға қол жеткізу мүмкіндігі бар екенін білдіреді.

Алматыда халықтың әлеуметтік осал топтары үшін арнайы газдандыру бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Жоба Алматы қаласы әкімдігінің, Halyk Bank пен Halyk қайырымдылық қорының қолдауымен іске асырылуда. Әлеуметтік осал санатқа жататын азаматтарды қосу «кілт тапсыру» қағидаты бойынша жүргізіледі, яғни қажетті жұмыстар мен жабдықтар жоба аясында қамтамасыз етіледі. Тек 2025 жылдың өзінде 49 тұрғын үй газбен жабдықтау жүйесіне қосылды. Қазіргі таңда табиғи газға қолжетімділік 500 мыңнан астам үй шаруашылығын қамтып отыр.

Сондықтан жаңа талаптар тұрғындарға қосымша қаржылық жүктеме жүктеуге емес, экологиялық таза отынды пайдалануға барлық жағдай жасалған аумақтарда ауа ластануын азайтуға бағытталған. Таза ауа – бұл тек экология мәселесі ғана емес, тұрғындардың денсаулығына тікелей қатысты мәселе. Есо Almaty мамандарының деректеріне сәйкес, Алматыдағы барлық ластаушы заттар шығарындының шамамен, 11%-ы жеке тұрғын үйлер мен моншалардың үлесіне тиесілі. Тұрақты түрде түгін мәселесіне тап болатын қала үшін бұл айтарлықтай көрсеткіш болып саналады.

Алматыда ауа сапасын жақсарту жұмыстары бірнеше бағыт бойынша қатар жүргізілуде: қоғамдық көлік жаңартылуда, автокөліктер мен кәсіпорындардың шығарындыларына бақылау күшейтілуде, төмен эмиссия аймағының (LEZ) пилоттық жобасы енгізіліп, экологиялық жағдайға әсер ететін нысандарды газдандыру және жаңғырту жұмыстары жалғасып жатыр.

Әуезов ауданы аумағында қоғамдық тамақтану орындары, техникалық қызмет көрсету бекеттері мен коммерциялық моншаларды қоса алғанда, 289 нысан бар. Оның ішінде 142 қоғамдық тамақтану орны, 110 техникалық қызмет көрсету бекеті және 37 монша кешені қамтылды. Мамандар тексере келе, 107 нысанның немесе жалпы санының 42,6%-ының қатты отынды пайдаланатыны анықталды. Олардың қатарында 80 қоғамдық тамақтану орны, 19 техникалық қызмет көрсету станциясы және 8 монша кешені бар. Ескертуден кейін аудандағы шағын және орта бизнес нысандарының бесеуі шығарындыларды тазарту жүйелерін орнатқан. Экологиялық талаптардың сақталуына мониторинг тұрақты негізде жалғасады.

Мұндай өзгерісте мен тексерістердің басты мақсаты – айыппұл салу емес,

Алматы ауасын ластайтын көздердің санын азайту, тіпті мүлдем жою. Эколог сарапшы Абай Мамытханұлы газға толық көшуді күтпей-ақ, энергетика кәсіпорындарын улы қоспаларды шығаратын мұржаларға шығарындыларды барынша азайтатын ауа сүзгілерін шұғыл орнатуға міндеттеу керек. Талаптарды орындамаған жағдайда қатаң шаралар қолданып, ірі айыппұлдар салынуға тиіс деген пікірде.

Оның пікірінше, Алматыдағы ауаның ластану мәселесін шешу үшін салдарымен емес, негізгі себептерімен күресу қажет. Ол қалада атмосфералық ауаны қорғауға бағытталған кешенді мемлекеттік бағдарлама қабылдап, ауа сапасын тұрақты мониторингтеуді күшейтуді ұсынады.

«Өндіріс орындарынан алынатын барлық экологиялық айыппұлдар мен төлемдер жалпы бюджетке кетпей, тек қаланың ауасын тазарту, жасыл желектерді көбейту және экологиялық мониторингті дамыту жобаларына ғана бағытталуы шарт. Оңтүстік астананың ғалымдарының пікірінше, Алматының энергетикалық және жылу қажеттіліктері үш көмірмен жұмыс істейтін жылу электр орталығы арқылы қамтамасыз етіледі. Олардың зерттеулері Алматыдағы көмір станциялары қаладағы PM2.5 жалпы деңгейінің 39 пайызына дейін үлес қосуы мүмкін екенін көрсетіп, жерүсті мониторинг станцияларының неғұрлым тығыз желісін құру қажеттігін атап өткен», дейді сарапшы.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

Коллаж: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

ЖЕТІСТІККЕ ТОЛЫ ЖИЫРМА ЖЫЛ

Алматы теміржол көлігі колледжі 20 жылдық мерейтойын салтанатты түрде атап өтті. «Кеше – бастау, бүгін – белес, ертең – жеңіс» атты мерекелік іс-шара оқу орнының өткен жолын саралап, бүгінгі жетістігін таныстырып, болашаққа бағытталған мақсатын айқындаған маңызды басқосуға айналды.



мерейтойы колледж тарихындағы маңызды белес екенін атап өтті.

– Осы уақыт ішінде үш мыңнан астам білікті маман даярладық. Бүгінде түлектеріміз еліміздің түрлі саласында табысты еңбек етіп жүр. Бұл – ұстаздарымыздың, қызметкерлеріміздің және студенттеріміздің ортақ еңбегінің жемісі. Басты жетістіктеріміз – түлектерді даярлау сапасының жоғары деңгейі, материалдық-техникалық базаның тұрақты дамуы және студенттердің түрлі байқау мен олимпиадалардағы шыққан биігі, – деді ол.

Мерекелік іс-шара барысында колледждің дамуына үлес қосқан қызметкерлер марапатталып, ардагер ұстаздарға құрмет көрсетілді.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

ЗАМАНАУИ КЕЛБЕТ

Алматы ауданында игі бастама жүзеге асты. KAIZER компаниясы мен Биікте жұмыс істейтін құрылысшы-альпинисттер Ассоциациясы ЕРЗИ оңалту орталығының ғимаратын жаңғыртып, оның қасбетін заманауи үлгіде әрледі.

Жаңартылған ғимарат енді орталыққа келушілерге жағымды әсер сыйлап, айналаға да ерекше көрік беріп тұр. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл жұмыс толықтай қайырымдылық негізде атқарылған.

– Ғимараттың сыртқы келбеті адамдардың көңіл күйіне және қоршаған ортаны қабылдауына әсер етеді. Әсіресе, оңалту курсынан өтіп жүрген жандар үшін жайлы әрі әсем орта маңызды. Сондықтан бұл жоба-

ны қайырымдылық ретінде қолға алдық. Жұмыста сапалы әрі ұзақ уақытқа төзімді бояулар пайдаланылды, – дейді KAIZER компаниясының өкілі.

Бүгінде жиырма жылдық тарихы бар KAIZER – отандық өндірістің дамуына үлес қосып келе жатқан қазақстандық компания.

– Біз импортқа тәуелсіз қазақстандық өндірішіміз. Заманауи технологияларды пайдалана отырып, сапалы өнім шығаруға басымдық береміз. Қазақстанның дайын өнім өндіретін ел ретінде дамуына өз үлесімізді қосып келеміз, – дейді KAIZER фирмалық дүкендер желісінің басқарушысы Катерина Цербак.

Қайырымдылық акциясының бастаушысы – қалалық мәслихат депутаты, «Концерн Бакарасова» ЖШС-нің бас директоры Елена Бакарасова.

– Осындай ой аяқастынан туындады. Бастаманы KAIZER компаниясы мен құрылысшы-альпинисттер Ассоциациясы бірден қолдады. Серіктестеріміз де белсенді атсалысты. Нәтижесінде ғимарат жаңарып, қаланың ажарын аша түсті. Ең бастысы – бұл өзгеріс орталыққа келушілердің көңіл күйіне оң әсер етеді деп сенеміз, – дейді Елена Бакарасова.

Шынында да, ортақ іске жұмылған жұрттың еңбегі әрдайым нәтижелі болады. Осындай қайырымдылық іс-шаралары қоғамдағы жанашырлық пен жауапкершіліктің жарқын көрінісі екені анық.

Нұрлан СҮЙІН.

Сурет:

Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



ТАЗАРҒЫҢ КЕЛСЕ, ТЕАТРҒА БАР

«МҰҒАЛІМ»

Асанәлі Әшімов театры көрермен назарына Қолғанат Мұраттың «Мұғалім» драмасын ұсынды. Қоюшы-режиссері – Данияр Базарқұлов. Туынды қоғамдағы ең нәзік әрі өзекті тақырыптардың бірі – ұстаз, ата-ана және бала арасындағы байланысты арқау етеді.



Нақтырақ айтсақ, оқушылардың өзара қарым-қатынасы, олардың мектеп табалдырығындағы күнделікті тыныс-тіршілігі арқылы адами құндылықты, педагог мәртебесін және ұрпақ тәрбиесіндегі жауапкершілікті көрсетеді.

Театрдың көркемдік жетекшісі Салтанат Мақсұтқызының айтуынша, бұл туындыны таңдау тақырыптың өзектілігіне байланысты болған.

– Бүгінде мұғалімдерге тым көп міндет артылып, ата-аналар да барлық жауап-



кершілікті мектепке жүктеп қоятыны жасырын емес. Біз қоғамға ұстаздың «барлық мамандықтың анасы» екенін жеткізгіміз келді. Себебі, ол бала өміріне кішкентай кезінен араласып, екінші ата-ана рөлін атқарады. Сондай-ақ, мақсатымыз – педагог мәртебесін көтеру. Кейбір ата-аналар мен балалары арасындағы үзіліп қалған көзге көрінбейтін жіпті, байланысты жалғау. Спектакльде екеуара болған жан тебірентерлік әңгімелердің маңызын көрсете отырып, терең философиялық мәселелер қозғалады, – дейді театрдың көркемдік жетекшісі.

Иә, ата-ана мен мұғалімнің өзара түсіністігі – бала болашағының іргетасы. Туынды көрерменін бүгінгі қоғамның ащы шындығымен бетпе-бет әкеле отырып, маңызды сұрақтарға жауап іздеуге шақырады. Спектакльдің қоюшы-режиссері Данияр Базарқұлов бұл қойылымда мұғалімнің қоғамдағы бейнесін тек білім беруші емес, тұлға қалыптастырушы ретінде ашуға ұмтылған.

– Бұл туынды тек мамандық туралы емес, ең алдымен адамгершілік, жасөс-

пірімдердің жан-дүниесі, олардың көбіне еленбей, тыңдалмай қалатыны туралы. Қойылымда ата-ананың баласына таңатын армандары мен ұрпақ арасындағы қайшылықтар көрсетіледі, – дейді режиссер.

Спектакльдің шарықтау шегі – үнемі жұмысбасты болып жүретін ата-ана мен өмірге деген өкпесі де, асқақ арманы да бар, тіпті түсінбейтін сұрағы көп баланың бір-бірімен жеке қалып ашық сөйлесіп, бір-біріне жанайқайын жеткізіп, сол арқылы көңілдегі кірді жуып, түсініскені. Көрерменнің де ұзақ қол соққан, қошемет білдірген тұсы осы болды.

Демек, ата-анаға барлық жауапкершілікті мектепке, мұғалімге артып қоймай, өз баласымен ашық диалог құра білуі маңызды. Ұстаз – бала – ата-ана: осы үштік біріккенде ғана сапалы, саналы ұрпақ тәрбиелейміз. Асанәлі Әшімов театры осыны өнер, сахна тілімен жеткізе білді.

Нұржамал ӘЛІШ.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ және автордікі.

АЛМАТЫ ЖАСТАРЫ

Қазіргі жастардың мүмкіндігі шексіз. Ең бастысы, оларға мақсатқа жетудің сансыз есігі ашық. Тек кілтін табу үшін басты бағыт та, бағдар да өз қолында. Биылғы «Алтын белгі» үміткерлерінің бірі, қаламыздағы №59 мектеп-гимназия түлегі Әмина Мұқтар, әне, сондай талапты жастардың бірі.

Заманауи технологияның тілін білумен қатар аттың да құлағын да ойнайтын Әмина өзінің бос уақытын дерлік ат спортына арнап келеді. Өз жетістіктерімен қуанып жүрген түлекті біз де қысқа әңгімеге тартып едік

– **Әмина, шет тілдерін үйренуге қызығушылығыңыз қалай басталды?**

– Менің тіл әлеміне саяхатым мектепте ағылшын тілін оқудан басталды. Ал 13 жасымда корей тіліне ерекше қызығушылық пайда болды. Уақыт өте келе бұл қызығушылық өзімді жан-жақты дамытуға мүмкіндік беретін маңызды құралға айналды. Қазір ағылшын тілінен IELTS, ал корей тілінен TOPIK 3 халықаралық сертификаттарына иемін.

– **Көп тіл білудің сізге қандай мүмкіндіктер ашқанын айта аласыз ба?**

– Бірнеше тілді меңгеру бүгінде хобби емес, заман талабы деп түсінемін. Бұл маған шетелдік ақпарат көздерін еркін пайдалануға, әлемнің үздік жо-

ТАЛАПТЫ ТҮЛЕК

ғары оқу орындарына түсуге сенімділік берді. Жақында Алматыдағы Оңтүстік Корея Елшілігі жанындағы Корей орталығы ұйымдастырған «Шешендік өнер – 2026» байқауында жеңімпаз атандым. Алда Ташкент қаласында өтетін халықаралық додада сүйікті қаламыз Алматы мен Қазақстанның намысын қорғауға дайындалып жатырмын.

– **Жастар арасында «жетістікке талант жеткізе ме, әлде еңбек пе?» деген пікірталас жиі кездеседі. Сіздің ойыңыз қандай?**

– Талант – адамға берілетін бастапқы мүмкіндік. Бірақ меніңше, оны дамытпаса, уақыт өте келе жоғалтып алу оңай. Өз тәжірибемге сүйенсем, «Алтын белгіге» дейінгі жолым мен екі шет

тілін меңгеруім – ең алдымен тәртіп пен тұрақтылықтың нәтижесі. Күн сайын жасалған шағын қадамдардың өзі үлкен жетістікке жеткізеді.

– **Тіл үйрену сізге тағы қандай қасиеттерді қалыптастырды?**

– Мен тек сөз жаттаған жоқпын. Тіл үйрену арқылы шыдамдылыққа, еңбекқорлыққа және уақытты тиімді басқаруға үйрендім. Бұл да табысқа жетудің маңызды дағдыларының бірі.

– **Құрдастарыңызға қандай кеңес берер едіңіз?**

– Кез келген биік мақсат табандылықты талап етеді. Белгілі тұлғалардың өміріне қарасақ, оларды ерекшелендірген нәрсе – таланттан бұрын тәртіп. Бүгінде жастарға білім алу үшін барлық мүмкіндік жасалған. Ең бастысы – ниет пен төзім. Уақытты тиімді пайдаланып, жаңа нәрсені үйренуден қорықпау керек. Меніңше, тіл білу – жарқын болашақтың кілті, ал тәртіп – сол болашақты өз қолыңмен тұрғызудың құралы.

Рая ЕСКЕНДІР.





ҚР Ұлттық орталық музейіндегі жәдігерлер.

ОЮДА ДА ОЙ БАР

дөңгелек болғанымен, екі иіні «қошқармүйіз» ою секілді сәндеп шығарылған. Мүйізторсықты қазақтар киелі заттардың біріне балаған. Өйткені, арқармүйіз, қошқармүйіз өрнегі баршылықтың, байлықтың нышанын білдіреді. Мүйізторсықтың бір құпиясы – оның екі жағындағы мүйіз секілді иілген бұрышына қымыздың ұйытқысы тұрып қалады. Оны қанша жусаң да кетпейді. Ал сол торсыққа биенің сүтін құйып қойса болғаны, қымызды өзі-ақ ашытып тұрады», – дейді жас маман.

«Қошқармүйіз» демекші, бізде ең көп таралғаны – осы ою. Кілем, сырмақ, текеметте жиі кездеседі. «Қосмүйіз» болса бірлік пен сабақтастықты білдіреді. Ал «арқармүйіз» – күш-қуат пен еркіндіктің символы, «түйетабан» – төзімділік пен ұзақ жолдың нышаны. Алыс сапарға шыққан жолаушының киіміне «түйетабан», «түйемойын», «ботакез» оюларын салған екен аналарымыз. «Құс қанаты» – еркіндік, арман, биік мақсат. Әсіресе, жастардың бұйымдарында жиі қолданылған. Ал «төртқұлақ» – төрт бағытқа созылған ою. Мағынасы – дүниенің төрт бұрышы, тұрақтылық. Үй бұйымдарында кездеседі.

Иә, қазақтың әр оюы «сөйлейтін» болған. Мәселен, үйіңізге келген құдайы қонақ алаша мен басқұр, текемет пен сырмақтағы оюларыңызға қарап, сіздің қай рудан, қандай әулеттен шыққандығыңызды біліп отырған. Ал киімдегі ою – адамның мәртебесі. Қыз жасауындағы өрнектер – анасының тілегі. Тіпті, бозбала қыздың қолындағы білезікте бедерленген өрнегіне қарап, оған құда түскен-түспегенін бағамдаған. Кейбір оюлар (ирек, шеңбер) ешқашан бітпейтіндей көрінеді. Бұл өмірдің шексіздігін, ұрпақ жалғастығын, уақыттың тоқтамайтынын білдіреді.

Өз тілі бар тірі өнер

Қазақ шеберлері кейде бір оюды сан рет қайталап, бірақ ешқайсысын дәл көшірмеген деседі. Себебі, «табиғатта толық бірдей нәрсе жоқ» деген түсінік болған. Біз осы ретте тақырыпқа орай белгілі этнограф, қолөнер зерттеушісі, ҚР мәдениет саласының үздігі, ЮНЕСКО сапа белгісінің иегері Бұлбұл Кәпқызымен де тілдестік. Этнографтың түсіндіруінше, қазақтар ою үлгілерін табиғаттан алған, яғни тау көрінісінен, өзеннің толқынынан, жануардың мүйізінен және өсімдік пен гүлдерден шығарған. Оның пікірінше, қазатың оюы тек сәндік элемент емес, ол – ақпарат жеткізуші мәдени код, яғни қазақтың ойлау жүйесі мен дүниетанымының тілі.

Бүгінде ел арасында «мына ою тек сырмаққа салынады», «ал мына оюды киймеке қолдануға болмайды» деген пікірлер жиі айтылып жүр. Бұлбұл Кәпқызы бұл оймен келіспейтінін айтады.

«Қазақ оюды ең алғаш тілдік құрал ретінде пайдаланған. Ұлы Жібек жолы бойымен сауда жасаған басқа халықпен осы ою-өрнек арқылы тілдескенбіз. Бертін келе сәндік құрал ретінде пайдалана бастады. Жалпы, оюдың бәрі – шығармашылықтың жемісі. Біз оюдың барлығын тек ізгі ниетпен, жақсы ырыммен

молшылықты, дән бейнелі өрнектер – ұрпақтың өсіп-өнуін, ал гүл мен жапырақ өрнегі – құнарлылық, көбею, өмірдің жалғасын білдіреді. Демек, ою-өрнек тек дәстүр емес, шығармашылық, қиялдың көрінісі деуге толық негіз бар», – дейді Бұлбұл Кәпқызы.

Алматының дизайн-коды

Байқасаңыз, қазір Алматыда көшелерінде, әсіресе, саябақтарда, адам қарасы көп жүретін Арбат секілді жаяу жүргіншілер аймағында қазақы ою-өрнек пен ұлттық символика қолданылған арт-объектілер көбейген.

Дәлірек айтсақ, қазақы өрнектер, этно-графикалық элементтер қолданылған декоративті панельдер, көше шамдары және шағын арт-инсталляциялар кездеседі. Көбінде «қошқармүйіз» және геометриялық ұлттық өрнектер пайдаланылғанын байқауға болады. Бұл жұмыстар қаланың ұлттық болмысын заманауи урбанистикамен ұштастыру мақсатында жасалған. Осы ерекшелікті бірден байқаған қала қонағын да жолықтырып, тілге тарттық.

«Жоғары оқу орнын бітірген соң, ел жаққа, Қызылорда облысының шалғай жеріне тұрмыс құрдым. Күйкі тірлікпен жүріп ауылдан алысқа ұзап шыға алмадым. Енді балалар өсіп, жетіліп дегендей, жазғы демалыста не мерелеріммен Алматыға келген едім. Біз «орысша сөйлемесең ешкім емессің» деген заманда оқыдық қой. Қала ерекше түрленіп кеткен. Қазақы келбетіне қуанып қалдым. Ауылдан келгелі

тыным таппай аралап жүрміз. Мен болған жердің бәрінде әйтеуір қазақтың ою-өрнегі ұшыраса кетеді, тіпті саябақтағы тыныстап отыратын орындықтарға да оюлар бедерленген. Айналымның бәрі әдемі», – деп шексіз ризашылығын білдірді Алматыға жолы түскен мейман, зейнеткер-ұстаз Сәуле ҚҰРАЛБАЙҚЫЗЫ.

Осы орайда бұл жаңашылдық қаланың өзіндік мәдени келбетін сақтауды көздейтін және безендіру элементтері тарихи-мәдени контекстпен үйлесуін көздеген Алматының жаңа дизайн-кодының жемісі десек, жарасар. Демек, шетелден келген туристің өзіне қайда келгенін, қай мемлекетте жүргенін білдіретін кілтіміз осы.

Міне, ойға толы ою-өрнегіміз беделді ИСЕСКО ислам әлемінің мұралар тізіміне осындай артықшылықтары болғасын енген. Қазақ елінің тарихынан, рухани әлемінен, оның мәрт мінезінен, дүниетанымынан, шеберлігінен, көркем де бай табиғатынан сыр шертетін заманауи ою-өрнектер келер ұрпаққа да осы күйінде аманат болғай!

Нұржамал ӘЛІШ.
Сурет: автор.



Бұлбұл Кәпқызы.

Қазақтың ою-өрнегі жәй әшекей емес, ол – тарих, сенім, тілек, өмір философиясы. Сол ұлттық құндылығымыз қазынасы ретінде халықаралық деңгейде мойындалды. Нақтырақ айтсақ, быыл ИСЕСКО комитетінің XIII сессиясында біздің ою-өрнек осынау беделді ұйымның мұралар тізіміне ресми енгізілді.

Қыз жасауындағы ана тілегі

Қазақтың ою-өрнегі – халқымыздың рухани мәдениетінің терең қабаты, тыныс-демі, тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы мен табиғатқа көзқарасын бейнелейтін ерекше өнері.

Біз жуырда Алматының рухани жүрегі саналатын Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейінде болып, «Тарихи этнография залын» араладық. Ондағы этнографиялық материалдар қазақ халқының сан ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмысы мен дүниетанымдық көзқарасынан, бай рухани және материалдық мәдениетінен сыр шертеді. Сондай-ақ, зергерлік бұйымдарын, қазақ халқының киім-кешегі мен кілем, алаша тоқу өнерін көруге болады. Залдың орталық алаңынан қазақ мәдениетінің бірегей символы саналатын – киіз үй орын тепкен.

ҚР Ұлттық орталық музейінің экскурсовод-маманы Әлішер Талғатұлы мұндағы әр бұйымға жеке-жеке тоқталып, ертұрман, қару-жарақ, сандық, текемет-сырмақтың, шапан-қамзол, сырға-сақина бетіне, белдікке, тіпті қарапайым торсыққа да бедерленген оюлардың мән-мағынасын әңгімелеп берді.

«Қазақ халқы табиғатпен үндестікте өмір сүре білген. Күнделікті тұрмыс-тіршілігінде не бар, табиғаттың қандай сыйы бар, соның бәрін өнер туындысына айналдырып отырған. Мысалы, торсықтың түрі көп, солардың ішіндегі мүйізторсыққа мән беріп қарар болсақ, түп жағы

ҒҰМЫРЫН ҒЫЛЫМҒА АРНАҒАН ҒАЛЫМ

Медицинада бүгінгі таңда денсаулық сақтау әдістері батыл еңбегімен қатар пәнаралық ағылдар батыл еңбегімен. Санжар Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың С.Қарынбаев атындағы Қалыпты анатомия кафедрасында бұл процесс үздіксіз ғылыми-білім беру цикліне айналған. Медицина ғылымдарының докторы, профессор Әсия Төлеубайқызы Дүйсембаева 70 жылдық мерейтойына арналған ғылыми семинарда академиялық нәтижелерін таныстырды. Ғалымның көпжылдық зерттеулері Қазақстандағы экологиялық морфологияның іргетасын қалады.

Әсия Төлеубайқызы Дүйсембаеваның өмір жолы отандық медицина тарихымен тығыз байланысты. Ол 1979 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтының Педиатрия факультетін бітірген соң, балалар дәрігерінің клиникалық ойлау жүйесін іргелі академиялық ғылыммен ұштастырудың ең күрделі жолын таңдады. 1981 жылдан бастап оның кәсіби шаңырағына айналған ҚазҰМУ-дың Қалыпты анатомия кафедрасында 45 жылдан астам ғылыми-педагогикалық қызмет етті. Еңбек жолы ассистенттен басталды. Бүгінде елге танымал профессор ұстаздық қызметін жалғастырып отыр.

Профессор Ә.Дүйсембаеваның ғылыми-инновациялық қызметінің басты жетістігі ретінде анатомия мен экология тоғысындағы қолданбалы бағытты ерекше атауға болады. Оның экотоксиканттардың әсерінен лимфодық мүшелердегі морфофункционалдық өзгерістер



мен оларды түзетуге арналған іргелі докторлық диссертациясы заманауи сын-қатерлердің алдын алуда дәлелденген нәтижелі еңбек саналады.

Профессордың инновациялық белсенділігі оның академиялық беделімен айшықталады. Оның қоржынында

200-ден астам ғылыми еңбек пен беделді халықаралық Scopus және Web of Science базаларындағы жарияланымдар бар. Германия, Израиль, Мысыр, Италия, Мажарстан, Испания және Португалия сияқты әлемнің ірі ғылыми алаңдарында жасаған баяндамалары әрдайым үлкен қызығушылық тудырып, қазақстандық морфология мектебінің әлемдік кеңістігіне жол ашты.

Бүгінгі таңда Қалыпты анатомия кафедрасы заманауи ғылым-білім беру кластері. Профессор Ә.Дүйсембаева оқу процесін тиімді ұйымдастыра білген басшы. Оң инновациялық оқыту әдісін әзірлеп қоймастан, оларды өндіріске енгізді. Профессор ғылыми жиында: «Ең құнды актив – адам» деген ұстанымды берік ұстанатынын атап өтті. Ғалым-ұстаз университеттің Білім беру бағдарламалары комитетінің төрайымы және Орталық әдістемелік кеңесінің мүшесі ретінде білікті медицина мамандарын даярлаудағы жауапкершілік пен ізденісін еш тоқтатпаған жан.

Профессор Әсия Дүйсембаеваның мектебінен өткен ҚазҰМУ студенттері озат интерактивті және графикалық құрылымдармен жұмыс істейді. Бұл оларға халықаралық олимпиадалар мен байқауларда сапалы зерттеу жобаларымен қатысуға мүмкіндік береді.

Әсия Төлеубайқызының сіңірген еңбегі ҚазҰМУ-дың «Алтын медалімен», «Үздік түлек», Үкіметтің «Еңбек ардагері» медальдарымен және беделді «Қазақстанның Алтын кітабына» енуімен жоғары лайықты бағаланған.

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,
профессор.

ДОНОР БОЛУ ДА ІЗГІЛІК

Бір тамшы қан да адам өмірін құтқаруға қауқарлы. Алматы қалалық Қан орталығы бүгінде 28 аурухана, перзентхана және әскери медицина мекемелерін қамтамасыз етеді.



Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте қаладағы қан қорының көлемі, донорларға қойылатын талаптар және инфекциялық қауіпсіздік іс-шаралары туралы айтылды. Алматы қалалық Қан орталығының донорларды жасақтау бөлімінің меңгерушісі Нұрдәулет Әбдіқадыровтың айтуынша, орталыққа барлық қан тобының донорлары қажет. Алматылықтардың шамамен, 30 пайызының қаны бірінші, екінші және үшінші топтарға жатса, төртінші қан тобының үлесі 10 пайызды құрайды.

«Жыл сайын 19-20 мыңға жуық адам қан тапсырады. Соның арқасында науқастарға 37-38 мың доза қан компоненттері құйылады. Бізде қауіпсіз әрі сапалы қан дайындау үшін заманауи жабдықтар қолданылады. Қан компоненттері арнайы тексеруден өткізіліп, лейкоциттерден тазартылады және вирустардан залалсыздандырылады. Қан алу кезінде тек бір реттік медициналық құралдар пайдаланылады, сондықтан донор үшін инфекция жұқтыру қаупі жоқ. Әрбір тапсырылған қан бірнеше кезеңнен тұратын мұқият тексеруден өтеді», – деді Нұрдәулет Әбдіқадыров.

Донор болу үшін адамның жасы 18-ден асқан, бойы кемінде 150 сантиметр, салмағы 50 келіден жоғары болуы және медициналық қарсы көрсетілім-

дері болмауы қажет. Созылмалы аурулардың кейбір түрлерімен ауыратындар, В және С вирусты гепатиттерін, АИТВ-инфекциясын, туберкулезді және өзге де бірқатар ауруды өткерген азаматтар қан тапсыра алмайды. Қан тапсырар алдында әрбір үміткер 30-дан астам сұрақтан тұратын сауалнаманы толтырады.

Кейін медициналық тексеруден және зертханалық зерттеуден өтеді.

Аталған орталықтың қан дайындау бөлімінің меңгерушісі Әсел Керейбаева донорлық қанның медицина үшін маңызы ерекше екенін атап өтті.

«Қан құю қан ауруларына шалдыққан науқастардың, онкологиялық дертпен күресіп жүрген жандардың, жатырынан қан кететін әйелдердің және жол-көлік оқиғасынан зардап шеккендердің өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді. Ғылым мен технология қарқынды дамығанымен, жасанды қан әлі күнге дейін жасалған жоқ. Сондықтан қан компоненттерінің жеткілікті қорын қалыптастыру денсаулық сақтау жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып қала береді. Алматы клиникаларында күн сайын 120-ға дейін гемотрансфузия рәсімі жүргізіледі», – деді Әсел Керейбаева.

Брифинг барысында тұрақты донор Дмитрий Федосеев те сөз алып, тәжірибесін бөлісті. Ол 2023 жылдан бері қан тапсырып келеді.

«Осынау өмірде адам үшін қажетке жарау, пайдалу болу маңызды мен үшін. Басында донор болуға денсаулығымға байланысты рұқсат берілмей, ұзақ уақыт жүріп қалдым. Кейін талаптардың өзгергенін естіп, осы орталыққа келдім. Мамандар қан тапсыруға болатынын айтты. Содан бері тұрақты түрде донор болып келемін. Донорлар көбейген сайын, құтқарылатын адамдар саны да арта түседі», – деді Дмитрий Федосеев.

Мамандардың айтуынша, Алматыдағы медициналық ұйымдардың донорлық қанға деген сұранысы жоғары. Ал әрбір донор бірнеше адамның өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Нұржамал ӘЛІШ.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



ӘЛЕМДІК СТАНДАРТ бойынша ем жасалады

Алматы онкологиялық орталығы қатерлі ісікті Ағемдеудің жоғары технологиялық әдісін енгізуді жалғастыруда. Мысал ретінде өңештің ортаңғы және төменгі үштен бір бөлігінде ісік бар науқасқа жасалған отаны айтуға болады.

Онкохирургия бөлімінің меңгерушісі Нұрлан Балтаевтың айтуынша, мұндай науқастарға өңеш қатерлі ісігін емдеуге арналған біріктірілген Айвор Льюис процедурасы жасалды.

«Біз отаны аз инвазивті технологияларды, яғни лапароскопиялық және торакоскопиялық қолжетімділікті қолдана отырып жасаймыз. Хирургиялық араласудың мәні – өңештің зақымдалған аймағын ісікпен және аймақтық лимфа түйіндерімен бірге алып тастау. Осыдан кейін асқазан жоғары қарай жылжиды және тағамның өтуіне жаңа жол пайда болады, яғни асқазанмен өңеш пластикасы жасалады», – деп түсіндірді маман.

Мұндай оталар техникалық тұрғыдан күрделі және хирургиялық топ үшін де, науқас үшін де жан-жақты дайындықты қажет етеді. Соған қарамастан, бұл жаңа инновациялық операциялар Алматы онкология орталығында үнемі жасалады. Бұрын мұндай диагнозы бар көптеген науқас емделуге қомақты қаражат жұмсап, шетелге шығуға мәжбүр болған. Бүгінгі күні өзімізде де осындай жоғары технологиялық операциялар тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде тегін жасалады. Мамандар орталықтың заманауи жабдықтармен жабдықталғанын, ал дәрігерлер халықаралық стандарттарға сәйкес келетін барлық қажетті әдісті меңгергенін айтады.

«Шетелден ем іздеудің қажеті жоқ. Осы технология мен мүмкіндіктің бәрі өз мемлекетімізде бар. Біздің міндетіміз – әрбір науқас үшін жоғары сапалы медициналық көмекті қолжетімді ету», – деп атап өтті Нұрлан Балтаев.

Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.



Солтүстік Америкада дүбірлі доданың дабылы қағылып, футбол мерекесі басталды. Биыл тұңғыш рет футболдан әлем чемпионатын бір мезетте 3 мемлекет қабылдап жатыр. 11 маусымда басталған жарыс 19 шілдеге дейін жалғасады.

ӘЛЕМ НАЗАРЫ – СОЛТҮСТІК АМЕРИКАДА!

Дүние жүзі көз тіккен ала доп аламануы АҚШ, Канада және Мексиканың 16 қаласында өтуде. Алайда, биылғы мундиальдың ресми ашылуы салтанаты Мехикодағы «Ацтека» стадионында ұйымдастырылды. Алғашқы ойында Мексика және Оңтүстік Африка Республикасы кездесіп, матч 2:0 есебімен алаң қожайындарының пайдасына шешілді. Жалпы, үш мемлекетте өтіп жатқан әлем чемпионатында FIFA тарапынан көптеген өзгерістер енгізілді. Мәселен, 2022 жылы Катарда өткен әлем чемпионатына 32 команда қатысқан болса, биыл командалар саны 48-ге ұлғайтылды. Олар 4 командадан 12 топқа бөлінген. Соның нәтижесінде мундиальда барлығы 104 матч өткізіледі. Сонымен қатар, өз тобында бірінші не екінші орын алған командалардан бөлек, үшінші орын алған үздік 8 құрама да келесі кезеңге өтеді. Ал плей-офф кезеңі 1/8 емес, 1/16 сатысынан басталады.

Одан бөлек, тікелей ойын ережелеріне байланысты өзгерістер де бар. Атап айт-

қанда, VAR жүйесі енді екінші сары қағаздарды және бұрыштама добы белгіленген сәттерді тексереді. Уақыт созу әрекеттері әлдеқайда қатаң бақыланып, алаңдағы ойыншы ауыстыруға небәрі 10 секунд беріледі. Ал дәрігерлер көмегіне жүгінген футболшылар алаң сыртында бір минут өткізуге міндеттеледі. Сондай-ақ, ойыншылар ауызды қолмен не жейдесімен жауып сөйлескені үшін алаңнан қуылуы мүмкін.

Бүгінде Жер шарының түкпір-түкпірінен төрт жылда бір өтетін доданы миллиондаған жанкүйерлер тағатсыздана күтеді. Ал бұл жарыс бір ғасырға жуық уақыт бұрын басталған. Алғашқы әлем чемпионаты 1930 жылы Уругвайда өтті. Ол кезде турнирге небәрі 13 құрама қатысты. Еуропаның үш бірдей ең мықты командасы – Италия, Испания және Германия жарысқа қатысудан бас тартқан. Олардың ешқайсысы ұзақ әрі шығыны көп саяхатқа бел бумады. Осылайша 1930 жылы ел тәуелсіздігінің 100 жылдығын атап өткен Уругвай құрамасы өз жерінде

өткен бірінші әлем чемпионатының жеңімпазы атанды. Дегенмен, әлем командалары арасында футбол аламануында ең көп көп жеңіске жеткен Бразилия құрамасы. Олардың еншісінде 5 жеңіс бар. Одан кейінгі орындарында мундиальды 4 рет бағындырған Германия мен Италия тұр. Сондай-ақ, әлем чемпионатының алтын трофейін Аргентина 3 рет, Франция мен Уругвай 2 рет, Испания мен Англия 1 рет иеленген.

Дүбірлі доданың тарихтағы үздік сұрмерген – Мирослав Клозе. Германия құрамасында өнер көрсеткен ойыншы төрт турнирге қатысып, 16 гол соққан. Ал әлем чемпионаттарында ең көп жеңіске жеткен ойыншы – Пеле. Футбол әлемінің аңызы 1958, 1962, 1970 жылдары Бразилия құрама сапында 3 рет алтын титулды көтерді.

Transfermarkt биылғы әлем чемпионатына қатысып жатқан ең құнды құрамалардың тізімін ұсынды:

1. Франция – 1,52 млрд. еуро;
2. Англия – 1,36 млрд. еуро;

3. Испания – 1,22 млрд. еуро;
4. Португалия – 1,01 млрд. еуро;
5. Германия – 947,00 млн. еуро;
6. Бразилия – 928,20 млн. еуро;
7. Аргентина – 807,50 млн. еуро;
8. Нидерланды – 754,20 млн. еуро;
9. Норвегия – 589,90 млн. еуро;
10. Бельгия – 547,50 млн. еуро.

Еске салайық, 2026 жылдың қаңтар айында футбол әлемінің басты трофейі жаһандық тур аясында Алматы қаласына әкелінді. Кубокты FIFA ұйымының ресми өкілдері мен әлемдік футбол аңызы Марко Матерацци алып жүрді. Қатаң күзетпен жеткізілген трофей Республика сарайында қойылды. Кубок мегаполиске санаулы сағаттарға әкелінсе де, оны 3,5 мыңнан астам адам тамашалап үлгерді. Салмағы 6,142 кг болатын, таза алтыннан жасалған әлем чемпионатының кубогына дәстүрі бойынша чемпиондық команда мен мемлекет басшылары ғана қол тигізе алады.

«ҚАЙРАТ» ПЕН «АТЫРАУ» ҰПАЙ БӨЛІСТІ

«Қайрат» қатарынан үш реткі кездесуде жеңіске жете алмады. Алматының Орталық стадионында «Атырауға» қарсы өткен матч тең нәтижемен аяқталды.

Футболдан Қазақстан біріншілігі бел ортасына жақындады. Біраз уақыт бойы турнирлік кестеде көш бастап келген алматылық команда кейінгі ойындарында бірнеше рет сүрінді. «Қайсармен» өз алаңында тең түсіп, ал сырт алаңда чемпиондық таластағы басты қарсыласы «Ордабасыға» есе жіберді. Сондықтан ұпай саны бойынша айырмашылықты қысқартып, жеңіс жолына оралу үшін «Атыраумен» Алматыда өтетін келесі ойын Рафаэль Уразбахтин шәкірттері үшін таптырмас мүмкіндік болды.

Кездесуге дейін «Қайрат» футбол клубы испаниялық шабуылшы Марк Гуальмен келісімшартқа қол қойғанын хабарлады. Келісім 2027 жылдың соңына дейін жасалған. 30 жастағы ойыншы Каталониядағы Бадалона қаласында дүниеге келген. Ол «Бадалона», «Барселона», «Эспаньол» клубтарының академияларында тәлім алған. Кәсіби мансабында «Севилья Атлетико», «Сарагоса», «Жирона», «Реал Мадрид Кастилья», «Алькоркон» клубтарының намысын қорғады. 2022 жылғы көктемде Гуаль польшалық «Ягеллонияға» ауысып, 2022/23 жылғы маусым қорытындысында Польша чемпионатының үздік сұрмергені атанған. Ал



2023 жылғы жазда варшавалық «Легия» сапына қосылып, клубпен бірге Польша Кубогы мен Суперкубогын жеңіп алған. 2024/25 жылғы маусымда барлық турнирде 19 гол соғып, команданың үздік сұрмергені атанды. Оның ішінде 7 добы УЕФА Конференция лигасында соғылған. Қазақстан Премьер-лигасының 13-ші

туры аясында Алматының «Орталық» стадионында өткен матч алаң иелерінің басымдылығымен басталды. Ойынның 13-минутында Жоржиньоның сәтті пасынан кейін финляндиялық Яакко Оксанен допты қақпаға дәл бағыттап, кездесудің шымалдығын ашты. Алайда, екінші таймда қонақтар ширақ қимылдап, таразы

басын теңестіріп кетті. Қақпашы Темірлан Анарбековтің қателігінен кейін «Атыраудың» жартылай қорғаушысы Айдар Абдулла гол соқты. Бұл сәттен кейін ойын есебі өзгерген жоқ. Нәтижесінде 1 ұпайды қанағат тұтқан алматылық ұжым турнирлік кестеде 27 ұпаймен 2-орынға жайғасты. 31 ұпайы бар «Ордабасы» әлі де көш бастап тұр. Үздік үштікті 24 ұпаймен «Оқжетпес» түйіндеді.

«Қайрат» бас бапкері Рафаэль Уразбахтин «Атырауға» қарсы өткен кездесуден кейін матч туралы пікір білдірді.

– Жанкүйерлеріміздің алдында мұндай жағдайға жол беруге болмайтын еді. Бұл тығырықтан бізді өзімізден басқа ешкім алып шыға алмайды. Әрине, тиісті қорытынды жасаймыз. Жалпы, матчтың осылай өтетінін болжадық. Қарсылас қорғанысқа шегінеді, ал біз шабуылда көп уақыт өткіземіз деп күттік. Олардың қарсы шабуылдар мен стандартты жағдайлардан мүмкіндік іздейтінін де білдік. Өкінішке қарай, қарсыласқа голды өзіміз сыйлап жібердік. Ал өз мүмкіндіктерімізді пайдалана алмадық. Қазір бізде ең үлкен мәселе – қауіпті сәттерді голға айналдыру. Осы бағытта жұмыс істеп жатырмыз және жұмысты одан әрі күшейтеміз, – деді бапкер.

Еске салайық, «Қайрат» келесі ойынды 17 маусымда «Қызылжарға» қарсы Алматыда өткізеді. Бұл матч Дастан Сәтпаевтың алматылық команда сапындағы соңғы ойыны болмақ. Одан кейін қазақстандық шабуылдаушы «Челси» сапына қосылады.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.
Сурет: «Қайрат» ФК

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ЖАТ АҒЫМҒА

ҚАЗАҚСТАН ТЕРРОРИЗМ ҚАУПІ БОЙЫНША ЕҢ ҚАУІПСІЗ ЕЛДЕРДІҢ БІРІ (0.000) РЕТІНДЕ ТАНЫЛДЫ

ТЕРРОРИЗМНІҢ ЖАҒАНДЫҚ ИНДЕКСІ (2026 ЖЫЛ)



Қоғам қалай қорғану керек?

қоздырғандар – айыппұл арқалайды немесе 2–7 жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

– Терроризмді насихаттағандар (ҚК 256-бап) – 5–12 жылға дейін түрмеге жабылады.

– Тыйым салынған ұйымдарға қатысу (ҚК 405-бап). Экстремистік және террористік ұйымдарға қатысқандар – 2–17 жылға дейін абақтыға тоғытылады.

Зайырлы мемлекетіміздің заңдары тиімді жүзеге асырылуда. Кейінгі уақытта өзін шарифат қағидаларымен өмір сүретін елде жүргендей ұстап, діни көзқарастарын қоғамға күштеп енгізіп, алауыздық туғызуға әрекеттенген миссионерлер бірінен кейін бірі заң алдында жауапқа тартылып жатыр.

Жуырда Алматы қалалық Полиция департаменті азаматтарды қорлайтын материалдар таратқаны үшін өзін «ұстаз» деп таныстырған Нұржан Смағұловтың әкімшілік жауапкершілікке тартылғанын мәлімдеді. Ол әлеуметтік желідегі парақшасында адамдарды қорлау белгілері бар бейнематериалдар жариялап, оларды «сырмен» салыстырған.

Аталған жағдайға байланысты полиция қызметкерлері Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 490-бабы 1-бөлігі 3) тармақшасына сәйкес әкімшілік хаттама толтырды. Сот шешімімен Н.Смағұлов кінәлі деп танылып, оған 25 айлық есептік көрсеткіш көлемінде, яғни 108 125 теңге айыппұл салынды.

Ақпарат па, әлде арандату ма?

Қауіпті жат ағымдардың басты таралып жолы онлайн платформалар болғандықтан, заңнамада бұл бағыт та жіті қаралады. Айталық, экстремистік материалдарды интернетте жариялау; әлеуметтік желілер арқылы радикалды контент тарату; мессенджерлерде үгіт жүргізуге қатысты заңнамалық негіздер қолданылады.

Мәселен, журналист Жанар Байсеміздің ислам дінінің өкілі Құрбанәлі Ахметтен алған сұхбаты әлеуметтік желіде дау туғызды. Сұхбатта спикер екінші әйелін қайын атасы «сыйға» бергенін, отбасылық жанжалдан кейін онымен ажырасып, өзінің шәкіртіне үйлендіргенін айтады. Бірі мұны «әйел құқығын таптау, оған тауар есебінде қарау» десе, енді бірі мұндай пікір айтуға мінбер ұсынып отырған журналисті сынап жатыр. Екеуін қолдап жатқандар да табылды. «Ол «қабырғам» (әйелім) кейін менімен ұрсысып қалдық, «Болды, мен сенімен ажырасамын. Мен байға тиемін» деп жынданды. «Сен ақымақсың ғой, мен саған бай тауып берейін» деп, өзімнің жақсы шәкіртіме үйлендірдім кейін», – дейді Құрбанәлі Ахмет сұхбатта.

Бұл сөздер әлеуметтік желі мен қоғамда қызу талқыға түскеннен кейін Құрбанәлі Ахметке айыппұл салынды. Алматы қаласының полициясы мен мемлекеттік органдар жүргізген тексеру нәтижесінде сұхбатта айтылған кейбір пікірлер ҚР қолданыстағы заңнамасына қайшы келетіні, сондай-ақ қоғамдық сана мен конфессияаралық келісімге кері әсер етуі мүмкін екені анықталған. Сонымен қатар, сұхбаты жариялаған журналист те жауапкершілікке тартылған. Полиция өкілдерінің айтуынша, заңға қайшы мазмұндағы ақпаратты тарату да құқықбұзушылық болып саналады.

✓ СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Ермұрат БӘПИ, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

Діни басқарма жұмысын қайта қарауы керек

Ислам дінінің өкілі Құрбанәлі Ахметтің берген сұхбаты адамдарға моральға жат қылық қана емес, азаматтық неке жөніндегі заңнаманы көптеп бұзудың қазіргі дәстүрлі дінді мансұқ ету және оның құндылықтарына қасақана нұқсан келтіру деп түсіну керек. Жалпы адамды сыйға тарту – бұл адам сату, адам саудасы санатындағы қылмыс саналуы тиіс. Заңды белшесінен басып, ойына келген шарифатын айтып отыратын мұндайларға тосқауыл қойылуы керек.



Екінші бір көрініс – Наурыз мерекесі ислам дініне жат мейрам деп жариялаған «сақалы бар, мұрты жоқ» біреудің бейне-былжырағы. Әлеуметтік желілерді кезіп кеткен бұл дақпырт табиғатпен тел туатын мерекені жоққа шығару ғана емес, біздің халықтың ғасырлардан тамыр тартатын салт-дәстүріне, ұлттық мәдениеті мен бірегейлігіне күмән келтірудің кебі. Ең бастысы – бұл уағызшысымақ тобыр біздің жас ескін ұрпақты, елдің болашағын улауда. Сырттан сіңген теріс діни усойқы уағыз, әсіресе, буыны бекімеген жастардың сарыуыз санасына желімдей жабысып, оларды ұлттық салт-дәстүр дағдысынан айырудың айласын жасауда. Олардың сиқырына алданған, дәстүрлі құндылықтардан қағылу, елдік мүддеден ажырау қатеріне іліккен жастар «жоғалған ұрпаққа» айналуы ғажап емес. Егер біздің сан ғасырлық ұлттық дәстүрлеріміз харам болса, Қазақстан мемлекеті сіздерге туған ел емес шығар?! Ұлттық құндылықтарды ғасырдан ғасырға сақтап қалған қазақтың қасиетті даласы сіздерге атамекен емес болар?! Ендеше, харамы жоқ, сіздер қош көретін елге неге қоныс аударып кетпеске?! Алды-артыңа бір уыс топырақ.

Осы арада Қазақстан Мұсылмандары қауымдастығына қатысты ұсынысымды да білдіргім келеді. Қарапайым тілде «ДУМК» деп қысқартылып аталатын қауым өз жұмысын қайта қарауы керек. Олар цифрлық кеңістікке шығып, ел іші мен онлайн ортадағы діни кикілжіңге дер кезінде реакция жасап, қоғамды зұлым уағыздар қоршауында қалдырмауы тиіс.

Әдемі АМАНГЕЛДІ, әлеуметтанушы:

Отбасы әлсіреген жерде ой өзгереді



Радикалдану тек діни мәселе емес – ол әлеуметтік, психологиялық және мәдени факторлардың тоғысында қалыптасатын күрделі құбылыс. Алматы жастары арасындағы бұл үдерісті бір ғана себеппен түсіндіру мүмкін емес. Оған әлеуметтік теңсіздік, тұлғалық дағдарыс, ақпараттық ықпал және діни білімнің жеткіліксіздігі сияқты түрлі факторлар әсер етеді.

Алматы – жастар көп шоғырланған ірі мегаполис. Сондықтан жастарды жат ағымдардың ықпалынан қорғау тек құқық қорғау органдарының міндеті деу қателік. Бұл – әлеуметтік саясаттың, білім беру жүйесінің және психологиялық қолдау қызметтерінің ортақ жауапкершілігі. Радикалданудың алдын алуға отбасының рөлі ерекше маңызды. Отбасы – ең алғашқы әрі ең тиімді қорғаныс ортасы. Ата-ананың баламен ашық диалог құруы, оны тыңдай білуі және қолдау көрсетуі радикалды идеялардың алдын алуға ықпал етеді. Бұл мәселені тек қауіпсіздік тұрғысынан емес, отбасы тәрбиесінің сапасымен де байланыстыра қарастыруға жөн. Мәселен, жалғыздық, түсінбеушілік және қолдаудың жетіспеуі жастарды радикалды көзқарастарға бейімдеуі мүмкін. Сондықтан қоғам деңгейінде сенімге негізделген қарым-қатынас орнату, жастардың өзін-өзі табуына жағдай жасау және олардың даусын есту – радикалданудың алдын алудың маңызды тетіктері.

Дана САДЫРҚАН.

Коллаж: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ

Әлем назары басқа бағытқа бұрылса да, діни және деструктивті ағымдар әлі де тұрақтылық үшін төндіретін қатерін азайтқан жоқ. Ақпараттық технологиялардың дамуы, шекаралардың ашықтығы және миграциялық процестер бұл ағымдардың трансұлттық сипат алуына ықпал етті. Сондықтан мұндай қауіптерді тек ұлттық деңгейде емес, халықаралық контексте қарастыру маңызды.

Қауіпке қарсы «жұмсақ күш»

Қоғам үшін ең өзекті қауіптердің бірі – радикалды идеялардың таралуы. Алайда, көп жағдайда «экстремизм» мен «терроризм» ұғымдары қатар қолданылғанымен, олардың мазмұны бірдей емес. Экстремизм – (латынша extremus – «шеткі», «аса радикалды») – қоғамдағы қалыптасқан нормалар мен құндылықтарды мойындамай, оларды түбегейлі өзгертуге бағытталған шектен тыс радикалды идеялар мен көзқарастар жүйесі.

Ал терроризм – саяси, діни немесе идеологиялық мақсаттарға жету үшін халық арасында зорлық-зомбылықты, қорқыту мен үрей тудыруды әдейі қолданатын әрекеттер жүйесі.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, теріс ағымдарға қарсы күресте тек тыйым салу жеткіліксіз. Мысалы, Еуропа елдері кейінгі жылдары «жұмсақ күш» әдістеріне басымдық беріп келеді. Германия, Франция сияқты мемлекеттерде радикалданудың алдын алу үшін арнайы білім беру бағдарламалары енгізілген, түрмелерде және қауіпті топтар арасында теологиялық түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Ал Скандинавия елдері әлеуметтік бейімдеу және психологиялық қолдау арқылы алдын алу шараларын күшейткен. АҚШ-та да жергілікті қауымдастықтар, дін өкілдері мен мемлекеттік органдар бірлесіп әрекет етеді. Бұл тәсіл радикалданудың бастапқы кезеңінде-ақ оның алдын алуға мүмкіндік береді.

Қазақстан да бұл бағытта бірқатар ішараны жүзеге асырып келеді. Ақпараттық-түсіндіру топтары құрылып, теологтар мен дінтанушылар халықпен жүйелі жұмыс жүргізуде. Сонымен қатар, халықаралық

ұйымдармен ынтымақтастық орнатылып, тәжірибе алмасу жүзеге асырылып жатыр. Десек те, интернет кеңістігіндегі қауіптерге қарсы тиімді тетіктер керек.

Әдіс және нәтиже

Медиасауаттылықты арттыру – жат ағымға қарсы жаһандық деңгейдегі негізгі құрал. Тұтынушы ақпаратты саралай алмаса, кез келген идеологияның құрбанына айналуы мүмкін. Екіншіден, діни сауаттылық. Әр азамат өзінің дәстүрлі діни құндылықтарын дұрыс түсінген жағдайда, сырттан келген бұрмаланған идеяларға қарсы тұра алады. Үшіншіден, әлеуметтік тұрақтылық. Халықтың әл-ауқаты неғұрлым жоғары болса, радикалды ағымдарға қосылу қаупі соғұрлым төмен болады.

Қуанышымызға орай, Қазақстан 2026 жылғы Жаһандық терроризм индексында нөлдік көрсеткішке ие болды. Дәлірек айтсақ, еліміз террористік қауіп деңгейі бойынша әлемдегі ең қауіпсіз елдердің бірі деп танылды. Есепке сәйкес, республика ең төменгі көрсеткіш – 0.000 балл алған, бұл террористік оқиғалар қауіпін іс жүзінде жоқ екенін білдіреді. Осындай нәтижені Қырғызстан, Түрікменстан және Молдова да көрсетті.

Қазақстанның халықаралық рейтингтегі жоғары орны қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін және елдің заманауи сын-қатерлерге төзімділігін дәлелдейді.

Заңнамалық тосқауыл

Заң бойынша: – Экстремизмді насихаттау (ҚК 174-бап). Әлеуметтік, ұлттық, діни алауыздық

«Almaty aqshamy» газетіне жазылыңыз!

«Almaty aqshamy» – елдегі ең ірі мегаполистің бас басылымы. Алматылықтарға етене, ел оқырмандарына ортақ газет – қазақ журналистикасының дәстүрлі мектебі мен заманауи ой алаңы.

«Ақшам» бетінде Алматы айшықтарымен қатар тұтас елді толғандыратын тақырыптарды таба аласыз. Тұрмыстық мәселелерден тартып, іскерлік ортаға дейінгі тақырыптарға талдамалық, сараптамалық жауаптарды аласыз.

Бізге жазылыңыз!

Алматыдағы өнер мен әдебиеттің, сән мен шоу-бизнесінің соңғы трендтерінен қалыс қалмаңыз!

Басылымға «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді онлайн оқуға болады: aqshamnews.kz
Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12,
8 (727) 293-08-25.

2026 жылға басылымға жазылу науқаны жалғасып жатыр

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 Жеке жазылушылар үшін:	15503 Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін:	95503 Зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін:
1 айға – 835,96 теңге.	1 айға – 1431,83 (қала), 1035,96 (ауыл) теңге.	1 айға – 615,96 теңге.
3 айға – 2507,88 теңге.	3 айға – 4295,49 (қала), 3107,88 (ауыл) теңге.	3 айға – 1847,88 теңге.
6 айға – 5015,76 теңге.	6 айға – 8590,98 (қала), 6215,76 (ауыл) теңге.	6 айға – 3695,76 теңге.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz** сайты арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн-режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі.

Қызмет 24/7 қолжетімді.

«ТІСІМ АУЫРМАЙДЫ» деп жүре бермеңіз...



ізде» деген қағида дәл осы жерде өзекті. Маман атап өткендей, осындай аурулардың бірі – тіс түбірінен дамиды киста.

Киста, ол – тіс түбірі маңында пайда болатын, іші сұйықтыққа толған патологиялық қуыс. Көбінесе ол ұзақ уақыт бойы ешқандай белгі бермеуі мүмкін. Алғашында тіс аздап мазалағанымен, кейін ауырсыну басылып, адам мәселе шешілді деп ойлайды. Шын мәнінде, қабыну процесі жақ сүйегінің ішінде жалғасып жатады.

Уақыт өте келе киста үлкейіп, сүйек тінін жұқартады. Кей жағ-

тық шығарылады, содан кейін жоспарлы түрде киста алынады.

Ал фолликулярлы киста деген не? Кейбір адамдарда толық қалыптасқан тұрақты тістер жақ сүйегінің ішінде қалып қойып, жарып шықпайды. Осындай тістердің айналасында да сұйықтық жиналып, киста пайда болуы мүмкін. Бұл жағдай фолликулярлы киста деп аталады. Мұндай киста да жақ сүйегін жұқартып, тіпті оның патологиялық сынуына себеп болуы ықтимал.

Жақ сүйегінде дамыған кисталарды емдеудің негізгі тәсілі – оларды қабығымен бірге толық алып тастау. Егер кистаның қабығы толық алынбаса, оның қайтадан пайда болу қаупі бар. Мұндай жағдай медицинада рецидив деп аталады. Қандай ауру болмасын оның алдын алу – ең тиімді шешім.

Ендеше, «тісім ауырмайды» деп жүре беруге болмайды. Жасырын тіс кистасының алдын алудың ең жақсы жолы – ауыз қуысының тазалығын сақтау және стоматологқа тұрақты қаралып тұру. Егер тіс жегісін дер кезінде емдеу мен профилактикалық тексерулерден өтіп тұрсаңыз кистаның пайда болу қаупін азайтып, тіс саулығын ұзақ жылдар бойы сақтай аласыз.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

Редакциямызға оқырмандардан түрлі тақырыпта хаттар жиі келіп жатады. Сол хаттардың ішінде денсаулыққа қатысты, әсіресе, тіс саулығы жөніндегі ойлар жиі көтеріледі. Осы жолы тәжірибелі дәрігер, ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі, С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің профессор асистенті, «Алтын дәрігер» төбелгісінің иегері Тәлімов Кәкімжан Кенжекұлының тіс күтіміне байланысты өз тәжірибесінен түйген пікірін оқырман назарына ұсынып отырымыз.

Бүгінгі таңда адамдардың денсаулыққа деген көзқарасы, өкінішке қарай, интернеттегі ақпаратқа қатты тәуелді болып барады. Көпшілік денсаулығында пайда болған мәселені алдымен ғаламтордан іздеп, кейде өз бетінше ем жасап жатады. Бұл, бір жағынан, медициналық көмектің қымбаттығымен де байланысты. Осындай өзекті салалардың бірі – стоматология.

Кәкімжан Кенжекұлының айтуынша, тұрақты тістер қалыптасқаннан кейін оларға дұрыс күтім жасалмаса, уақыт өте келе ұсақ ақаулар күрделі ауруға айналады. Көп жағдайда адам оны дер кезінде байқамайды немесе мән бермейді. Ал бұл жағдай кейін асқынған мәселеге әкеліп, емді қиындата түседі. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол

Қалалықтар қаперіне!

«МЕДЕУ» АВТОТҰРАҒЫ

уақытша жабылады

«Медеу» биік таулы спорт жобасын іске асыру аясында биыл 16 маусымнан желтоқсан айына дейін кешенге жақын орналасқан автотұраққа кіру уақытша шектеледі. Бұл туралы Алматы қаласының Құрылыс басқармасы хабарлады.

Шектеу құрылыс-монтаж жұмыстарының жүргізілуіне және нысан аумағындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты енгізіліп отыр.

Басқарма өкілдері тұрғындардан уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды және қозғалыс бағытын алдын ала жоспарлауын сұрайды.

Сурет:
ашық дереккөзден.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: тел.: 248-49-55. E-mail:
8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
10 252 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШ

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ51VPY00150334
күәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті
«AIR ASTANA» әуе компаниясының
бизнес-класс бортында және
«Жолаушылар тасымалы» АҚ
пойыздарындағы жолаушыларға
қолжетімді.

PICNIC BY PARTNERS

ШАБЫТ СЫЙЛАЙТЫН АЛАҢ

Мегаполистің Almaty Resort аумағында дәстүрлі Picnic by Partners фестивалі өтті. Бұл – жыл сайынғы қалалық мәдени іс-шаралардың ресми бастауы.

Он екі жылдық тарихы бар жоба алғашында шағын жергілікті іс-шара ретінде ұйымдастырылса, бүгінде ол республикалық ауқымға ие болды. Қазір Алматы, Астана, Шымкент, Ақтау және Атырауда өткізіліп, мыңдаған қатысушы мен қонақты біріктіреді.

Уақыт өте келе Picnic by Partners тек музыкалық фестиваль ғана емес, кең ауқымды қарым-қатынас, шығармашылық шабыт және кәсіби байланыс орнату алаңына айналды.

Фестивальдің биылғы басты ерекшелігі – эксперименталды формат. Ұйымдастырушылар іс-шараның тұжырымдамасына жасанды интеллект технологиясын енгізді. Цифрлық жаңашылдықтар бағдарламаның мазмұнын байытуға, кеңістікті безендіруге және қонақтармен өзара әрекеттесудің жаңа түрлерін құруға көмектесті.

Бағдарламаның негізгі бөлігі әйгілі Esquire, ELLE және Harper's BAZAAR басылымдарының идеялары негізінде құрылған пікірталас алаңдары мен сұхбаттар сериясы болды. Әр аймақ өз тақырыбы



бойынша жұмыс істеп, қонақтарды қызықтырған тақырыптарды қозғады.

Фестивальдің тағы бір маңызды бөлігі – Алматы қаласының Туризм басқармасы қолдауымен ұйымдастырылған шеберлер алаңы. Мұнда қазақстандық қолөнер шеберлері ұлттық нақыштағы сувенирлер, әшекей бұйымдар, үйге арналған сәндік



заттар және сәндік-қолданбалы өнердің бірегей үлгілерін ұсынды. Алматы қаласы Туризм басқармасының креативті даму бөлімі бас маманы Алсу МАРПАТ басқарманың осындай іс-шаралардың қала беделін биіктете түсетінін атап өтті.

– Picnic by Partners сияқты фестивальдерге үнемі қолдау көрсетіп келеміз. Қолөнершілер жұмыстарын ұсынып, кең аудиторияға таныстырды. Туристер үшін

бұл қазақ дәстүрін жақыннан көріп, танып-білуге үлкен мүмкіндік. Осындай іс-шаралар Алматының туристік тартымдылығын арттырып, қаланың жылы әрі ашық атмосферасын айқын көрсетеді, – деді ол.

Иә, Picnic by Partners – әрқашан жаңа идеялардың, пайдалы танысулардың және бірлескен жобалардың ордасы.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ

ИНКЛЮЗИЯ



Оқушылар сарайының қала сыртындағы «Өрнек» сауықтыру лагерінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған жазғы ауысым өз жұмысын бастады. Қалалық Білім басқармасы өкілдері ерекше балалардың демалысы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сай ұйымдастырылып отырғанын айтады.



Биылғы жазғы маусым – «Art&Science&Eco: жаңа ашылымдар» білім беру-сауықтыру бағдарламасы аясында ұйымдастырылып, балалардың



ЕРЕКШЕ ЖАЗ

«Өрнек» өрендерге өзгеше демалыс сыйлайды

шығармашылық, танымдық, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын дамытуды мақсат етіп отыр. Сондай-ақ, демалыстың бұл түрі қауіпсіз әрі қолайлы инклюзивті ортада қатысушылардың физикалық және психозмоционалдық денсаулығын кешенді түрде нығайту болып табылады.

Биылғы жазғы сауықтыру маусымын Алматы қаласындағы арнайы білім беру ұйымдарының оқушылары бастап отыр. Дәл қазір мұнда №1 арнайы мектеп-интернатынан – есту қабілеті ерекше дамыған 35 оқушы, №6 арнайы мектеп-интернатынан – ерекше білім беруді қажет ететін 10 оқушы, №9 арнайы мектеп-ин-

тернатынан – сөз сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар 20 оқушы бар. Жалпы, 65 оқушының демалысы қамтамасыз етіліп отыр. «Өрнектегі» әрбір күн қызыққа толы. Мұнда балалардың ерекшеліктеріне бейімделген шығармашылық шеберханалар, сенсорлық және арт-терапиялық бағыттағы жұмыстар, командалық ойындар, экологиялық тапсырмалар, белсенді қозғалыс, ұлттық және спорттық ойындар ұйымдастырылады.

Сондай-ақ, балаларға кәсіби психологиялық қолдау көрсетіліп, өзара қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған арнайы іс-шаралар ұсынылады. «Өрнек» лагеріндегі бұл жазғы сауықтыру ауысымы – балалардың тынығуын, денсаулығын нығайтуын, шығармашылық тұрғыдан шыңдалуын және әлеуметтік-бейімделуін кешенді түрде қамтамасыз ететін инклюзивті қоғамның маңызды әлеуметтік жобасы болып табылады. Осылайша табиғаты тамылжыған Долан ауылы «Өрнектегі» балалардың күміс күлкісіне толып, төңірегін нұрға бөленіп тұр.

Рая ЕСКЕНДІР.